| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Мәдениет және ақпарат министрлігі<br><br>**«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ** | | **РГУ «Казахская национальная консерватория имени Курмангазы»**<br><br>Министерство культуры и информации Республики Казахстан |

05 желтоқсан 2024ж
күні

№ П-12-24

Алматы қ. г. Алматы

**Бекітемін**
**Қазақстан Республикасы**
**Мәдениет және ақпарат министрлігі**
**«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ**
**Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор**
**_______________Г. Әбдірахман**
**«05» желтоқсан 2024 ж.**

# «БАЯНДА, АККОРДЕОНДА ОЙНАУ МЕН РЕПЕРТУАР ТАҢДАУ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ»

педагогтардың біліктілігін арттыру курсының

# БАҒДАРЛАМАСЫ

| | | | |
|---|---|---|---|
| Құрастырушылар: | | | |
| «Қобыз және баян» кафедрасы | | Профессор Смакова З.Н. | 05.12.2024ж. |
| Келісілді: | | | |
| «Қобыз және баян» кафедрасының меңгерушісі | | Карсакбаева А.А. | 05.12.2024ж. |
| БЖжҚББ бөлімінің бастығы | | Баймуканова А.Н. | 05.12.2024ж. |
| Қызметі | Қолы | ТАӘ | Күні |

Педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

## 1. Жалпы ережелер

«Баян, аккордеонда ойнау мен репертуар таңдау бойынша оқытудың заманауи тәсілдері» педагогтардың біліктілігін арттыру курсының оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасындағы музыкалық білім беру мекемелерінде (музыкалық колледждер, мамандандырылған музыкалық мектептер) «Баян, аккордеон» мамандығы бойынша педагогтарды оқыту, олардың құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған. (бұдан әрі – Тыңдаушылар).

Бағдарлама төмендегі негізгі талаптарды ескере отырып әзірленген:

- 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңы;
- 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII ҚРЗ әлеуметтік кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V ҚРЗ
- (30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтыруларымен)
- 05.08.2021 ж. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Жарғысы;
- Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу ережелері, ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы;

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту ережелері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы «Баян, аккордеонда ойнау мен репертуар таңдау бойынша оқытудың заманауи тәсілдері» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсы орындаушылық, педагогикалық дағдылар мен шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Оқытудың негізі жеке тәсіл

болып табылады. Бұл тәсіл жас аралығын, психологиялық және музыкалық ерекшеліктерді ескереді.

Оқу процесі техникалық дағдылардың бастапқы деңгейінен бастап күрделі орындаушылық әдістерге дейінгі жүйелі және кезеңді принципке негізделген.

Курс техникалық шеберлікті жетілдіруге бағытталып, аппликатураны меңгеру, қол координациясы, көрікпен жұмыс істеу техникасы мен дыбыс шығару тәсілдерін үйрету арқылы жүзеге асырылады. Музыкалық интерпретацияға ерекше көңіл бөлініп, динамика, фразировка, мәнерлілік және орындау стилінің дәлдігімен жұмыс жасауды қамтиды. Шығармашылық қиялды дамытуға, орындаушылық және әдістемелік талдау жасауға, сондай-ақ қимыл-қозғалыс техникалық дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға үлкен назар аударылады.

Біліктілікті арттыру курсы қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен әдістемелерін біріктіреді. Олар баянда және аккордеонда ойнауға деген қызығушылықты қалыптастыруға және тиімді оқытуға көмектеседі. Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі – қазіргі заманғы орындаушылық әдістерді меңгеру, музыканттарды баян, аккордеон әдебиетінің заманауи үлгілерін енгізу арқылы репертуарды кеңейтуге дайындау.

Осылайша, біліктілікті арттыру курсының тақырыбы өзекті болып табылады және тәрбиелік, мәдени, әлеуметтік мәнге ие. Ол орындаушы-музыканттардың кәсіби дағдыларын дамытуға және олардың репертуарын кеңейтуге бағытталған.

Бағдарлама бойынша оқытудың ерекшелігі – модульдік принцип. Әр модуль тыңдаушының оқу барысында нақты нәтижелерін көрсетуімен аяқталады. Бұл практикалық сабақтар, әдістемелік баяндамалар және ашық сабақтар арқылы жүзеге асырылады. Бағдарлама аясында нақты білім беру өнімдерін жасау оқу барысындағы прогресс пен нәтижелерді айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе алмасуға және әріптестер арасында жақсы түсіністік орнатуға ықпал етеді.

Негізгі жұмыс бағыты – қосымша музыкалық және кәсіби техникалық білім беру ұйымдарының педагогтарының біліктілігін арттыру, көлемі 80 сағат.

Бағдарлама бойынша оқытуды жүзеге асырады:

Құрманғазы атындағы ҚҰК қобыз және баян кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы;

Бағдарламаның әзірлеушілері (авторлары);

Кафедраның тәжірибелі оқытушылары бөлісіп, дарытқан білім тыңдаушылардың педагогикалық және концерттік-орындаушылық деңгейлерінің сапасын арттырады.

## 2. ГЛОССАРИЙ

Бағдарламада 1 кестеде келтірілген ұғымдар мен терминдер қолданылады

1 кесте

| Бағдарламада қолданылатын | Ұғымдар мен терминдердің анықтамасы |
|---|---|

| **терминдер мен ұғымдар** | |
|---|---|
| Баян | 12-жарты тондық жүйесі бар түймелі-үрмелі аспап. Ортасы көрікпен немесе камера арқылы қосылған екі бөліктен тұрады. Үн күшін үдететін ауа осы аралықта жиналады. |
| Аккордеон | (немісше Akkordeon – «музыкалық аккорд, дыбыстардың үйлесімі») – гармоникаға жататын тілшікті пернелі, көрігі бар музыкалық аспап. |
| Музыкалық форма | Музыкалық шығарманың құрылымы, оның логикалық және көркемдік тұрғыдан жасалуын анықтайтын ілім. |
| Күрделі форма | Музыкалық шығарманың күрделі құрылымы, бірнеше бөлімнен тұрады және көлемі мен мазмұны жағынан мәнді шығармалар жасау үшін қолданылады. |
| Техника | Музыкалық аспапта шығармаларды сапалы орындау үшін қажетті әдіс-тәсілдер мен дағдылар жиынтығы. |
| Сонаталық Allegro | Музыкалық форма, әдетте, классикалық музыка шығармаларының алғашқы бөліктерінде қолданылады. |
| Rondo формасы | Негізгі тақырыптың (рефреннің) бірнеше рет қайталануына, жаңа контрастты эпизодтардың кезектесуіне негізделген музыкалық форма. |
| Интерпретация | Орындаушы музыкалық шығармаға өзіне тән үн беріп, оның көркемдік идеясымен сәйкес келетін орындау стилін қалыптастыру процесі. |
| Музыкалық педагогика | Педагогикалық ғылым саласы (педагогикалық пән), оқушыларға музыкатану білімінің барлық кешенін беру, музыкалық білім мен тәрбиенің тиімді жолдары, тәсілдері, ұйымдастыру формалары мен әдістерін зерттеу және дамыту, сондай-ақ музыкалық өнердің түрлі салаларында шығармашылық дағдылар, тәжірибе және практикалық дағдыларды қалыптастыру мен дамытумен айналысады. |

| | |
|---|---|
| Музыкалық стиль | Музыкалық өнердегі бағытқа, мектепке немесе белгілі бір музыкант-композиторға, орындаушыға тән бейнелік жүйе, бейнелеу құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы. |
| Музыкалық туындыларды талдау | Музыкалық шығарманың құрылымы, оның логикалық түрде өзара байланысты орналасуы мен бөліктерінің өзара әрекеттесуі, сондай-ақ олардың құрылымы. |
| Туындының мазмұны | Шығарманың негізіне алынған идеялар мен қағидалар |
| Баяндық техника | Музыкантты қажетті көркемдік және дыбыстық нәтижеге жеткізетін баян, аккордеонда ойнау үшін қажетті дағдылар, тәсілдер мен әдістердің жиынтығы. |
| Барокко | Еуропа өнері мен сәулет өнеріндегі XVI–XVII ғасырлардағы стиль. Оған бөлшектерге назар аудару, символдар мен аллегориялар, грандиозды композициялар, әсірелеулер, эмоциялық толқулар, сәнділік, айқын қисық сызықтар мен көп декордың болу ерекшеліктері тән. XVI ғасырдағы оқиғалар Қайта өрлеу дәуірінің идеалдарын жойды. |
| Репертуар | Белгілі бір орындаушы мен шығармашылық ұжымның концерттерде орындауы үшін дайындалған музыкалық шығармалар жинағы (концерттік репертуар) немесе оқу үшін әзірленген жинақ (оқу-педагогикалық репертуар). |
| Орындаушылық | Музыканттардың, әншілердің, орындаушылардың қызметі |
| Инновациялар | Нарықта сұранысқа ие өнім сапасын арттыруды және процестердің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін енгізілген немесе енгізіліп жатқан жаңалық |
| Педагогикалық қағидалар | Педагогикалық заңдылыққа негізделген және педагогикалық міндеттерді шешу стратегиясын сипаттайтын нормативтік ұстаным. |
| Орындаушылық аппарат | Пассивті бөліктерден — сүйек буындарынан және белсенді бөліктен — бұлшықеттер мен олардың барлық жабдықтарынан тұратын адам ағзасының тірек -қимыл жүйесінің бөлігі болып табылады |

| | |
|---|---|
| Полифония | Көпдауысты фактурада жеке дауыстардың (әуендік сызықтардың, кең мағынадағы әуендердің) функционалдық теңдігін анықтайтын көпдауысты музыкалық құрылым. |
| Музицирование | Бұл сөз «музыкамен айналысу» дегенді білдіреді. Кең мағынада бұл жалпы музыкалық аспапта ойнау, ал камералық мағынада – музыканы үй жағдайында орындау. |
| Артикуляциялау | Музыкалық аспапта ойнау орындау кезінде дыбыстардың кезектесіп орындалуының тәсілі. |
| Педагогтардың біліктілігін арттыру | Жаңа білімдерді игеруге, сондай-ақ бұрын меңгерілген кәсіби білімдер, дағдылар, шеберліктер мен құзыреттерді қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін, оқыту мен білім берудің сапасын арттыруға бағытталған кәсіби білімнің формасы |
| Тыңдаушы | Біліктілігін арттыру курсын өтуші |
| Посткурстық қолдау | Педагогтың кәсіби құзыреттілігін курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеуден және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы жүзеге асырылатын дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі |

## 3. «Баян, аккордеонда ойнау мен репертуар таңдау бойынша оқытудың заманауи тәсілдері» бағдарламасының тақырыбы

Кәсіби біліктілікті арттыру курсының тақырыбы сұранысқа ие және баян мен аккордеонда ойнау теориясы мен практикасының кең ауқымды мәселелерін қамтиды. Кәсіби біліктілікті арттыру курстарының тақырыптарын таңдау музыкант-әртістің білім мен тәрбие сапасына қойылатын заманауи талаптармен байланысты.

Бағдарлама тақырыптары келесі модульдерге бөлінген: (Кесте 2.)

2 кесте

| **Бағдарлама компоненттері, модульдері** | **Бағдарлама компоненттері мен модульдерінің сипаттары** |
|---|---|
| Диагностикалық тестілеу | Оқыту тақырыптары бойынша бастапқы деңгейдегі біліктіліктерді бағалау |

| | |
|---|---|
| **1 модуль.**<br>Баян-аккордеон орындаушылық өнеріндегі, шығарманың стилін, формасын және мазмұнын түсінудегі практикалық дағдылардағы заманауи тенденциялар. | 1.1 Музыканттың педагогикалық қызметінің ерекшеліктері |
| | 1.2 Педагогикалық шеберліктің деңгейін арттыру |
| | 1.3 Шығарма стилінің, формасының және мазмұнының ерекшеліктері |
| **2 модуль.**<br>Баян-аккордеон орындаушылық өнерінің түрлері мен формаларының жалпы жүйеленуі. | 2.1 Музыкалық есте сақтау – музыканттың шығармашылық дамуының маңызды құрамдас бөлігі. |
| | 2.2 Техникамен жұмыс жасау. Этюдтермен, гаммаларды және жаттығулармен жұмыс барысында техникалық қиындықтарды жеңу. |
| | 2.3 Білім алушылардың импровизациясы мен музыка жазуы. |
| **3 модуль.**<br>Барокко дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі музыкадағы стильдік айырмашылықтар: жанрлардың негізгі түрлерінің аналитикалық сипаттамасы, түрлі стильдер мен дәуірлердің шағын және ірі формалары бойынша шығармалармен жұмыс, көркем образбен жұмыс. | 3.1 Полифониялық шығармалармен жұмыс. |
| | 3.2 Баян-аккордеон шығармаларындағы көркемдік бейннесімен жұмыс барысында шығармашылық фантазияны дамыту — маңызды кезеңдердің бірі. |
| | 3.3 Мектептің бастауыш және орта сыныптарында шағын формадағы шығармалармен жұмыс. |
| | 3.4 Жоғары сынып оқушыларының репертуарындағы ірі форма (Соналық Allegro, вариациялық циклдар, рондо формасы, заманауи композиторлардың циклдық шығармалары). |
| | 3.5 Негізгі аппликатурлық дағдыларды тәрбиелеу. Әртүрлі стильдердегі музыкалық шығармалардағы аппликатурлық принциптердің көркемдік маңызы. |
| **4 модуль.**<br>Баян-аккордеон музыка орындаушылығындағы стильдік ерекшелігін белгілі бір стильде қолданылатын бейнелеу құралдары тұрғысынан талдау; динамика, | 4.1 Музыкалық шығармамен жұмыстың негізгі кезеңдері, оны кезеңдерге шартты түрде бөлу. |
| | 4.2 Шығарманың орындаушылық және әдістемелік талдауы. |

| | |
|---|---|
| безендіру, артикуляция, темп, ритм, дыбыс, форма ерекшеліктері мәселелері. | 4.3 Көрікті меңгеру, оның көркемдік мүмкіндіктері. Оқушыларда көрік қозғалыс бағытын дұрыс ауыстыру дағдыларын тәрбиелеу. |
| | 4.4 Білім алушыларда қозғалыс-техникалық дағдыларды қалыптастыру және дамыту. Орындаушы аппараттың еркіндігі мәселесі. |
| **5 модуль.** Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуарды таңдаудың кейбір мәселелері. | 5.1 Теориялық аспектілер және шығармаларды салыстырмалы талдау. |
| | 5.2 Музыкалық шығарманың редакциясы — авторлық мәтіннің ерекше түрдегі түсіндірмесі (интерпретациясы). |
| | 5.3 Мектеп оқушылары үшін репертуар және концерттік іс-шараларды таңдау принциптері. Оқу және концерттік репертуарлардың айырмашылығы. |
| Қорытынды тестілеу | Бағдарламаның мазмұнын меңгерудің қорытынды деңгейін бағалау |

## 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелері

Біліктілікті арттыру курсының бағдарламасының **мақсаты** – өзіндік көркемдік құндылықтар жүйесі бар және кәсіби қызметтің әртүрлі түрлерін жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асыру үшін барлық қажетті құралдарға ие кең ауқымды музыкант-суретшіні қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- Керекті техникалық дағдылармен және қабілеттермен жабдықталған орындаушыны тәрбиелеу, оның шығармашылық қызметте көркемдік міндеттерді еркін шешу үшін негіз бола отырып, кәсіби шеберлікті дамытуға жұмыс істеу;
- Тыңдаушының концерттік және оқу-орындаушылық репертуарын кеңейту, музыкалық тіл мен көркемдік логиканың негіздерін меңгеру, әр түрлі стильдер мен бағыттардың музыкалық бейнелеу құралдарының ерекшеліктерін білу және еркін жол табу;
- Орындаушылық мәдениеттің маңызды элементтерін меңгеру, кәсіби өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілікті тәрбиелеу;
- Баян-аккордеон өнері бойынша арнайы әдістемелік және тарихи әдебиеттерді зерттеу, ғылыми-зерттеу қызметіне деген мотивацияны қалыптастыру, музыкант-орындаушының қызметіне аналитикалық көзқарасты дамыту;
- Пәнді меңгеру процесінде алынған теориялық білімдер,

орындаушылық дағдылар мен қабілеттер негізінде өзіндік көркемдік-орындаушылық концепциясын қалыптастыру.

**Оқытуда күтілетін нәтижелер:**

Курс аяқталғаннан кейін оқытушылар:

– негізгі концерттік және оқу-әдістемелік репертуарды білетін болады;

– орындаушылық шеберлікпен жұмыс істеудің маңызды әдістері мен тәсілдерін түсінетін болады;

– баян – аккордеон орындаушылық мәселелері бойынша негізгі оқу-әдістемелік әдебиетті қолданатын болады;

– әр түрлі музыкалық стильдер үлгілерінде еркін бағдарлана алады, автордың тұжырымдамасын мүмкіндігінше дәл жеткізеді, өздерінің орындаушылық жоспарын құра алады;

– орындаушылық шеберліктің барлық элементтерін меңгеріп, өзінің кәсіби өсуі үшін қажетті құралдар мен тәсілдерді еркін қолданатын болады;

– аспаптың барлық мүмкіндіктерін толық меңгереді;

– зерттеліп жатқан материалдың стильдік, орындаушылық ерекшеліктерін талдай алады, орындаушы аппаратының мәселелері мен оларды жеңу әдістері туралы түсінікке ие болады.

**Педагогтардың жұмысына оқу нәтижелерінің әсері**

Оқу нәтижесінде тыңдаушылар төмендегі кәсіби құзыреттерді меңгереді:

- оқу әдістемелері мен тәсілдерін таңдауды нормативтік құжаттар талаптарына сүйене отырып, негіздеуді үйрену;
- оқытуды білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу, олардың ынтасы мен қатысуын арттыруды үйрену;
- әр түрлі пәндер саласындағы білімді біріктіру және оны шынайы өмірмен байланыстыру арқылы, оқу материалын білім алушылардың толық әрі терең түсінуін қамтамасыз ету;
- әріптестермен үздік тәжірибе мен озық тәжірибелер үдерісімен алмасу процесінде өзара әрекеттесуді үйрену.

## 5. Бағдарламаның құрылымы және мазмұны

Білім беру процесі Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымдарының талаптары мен оқытушылардың қажеттіліктеріне байланысты, оның ішінде тыңдаушылардың бастапқы сауалнама нәтижелеріне сәйкес оқу-тақырыптық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Оқытушылардың қажеттіліктеріне қарай, Бағдарламаның мазмұны кейбір

модульдер үшін өзгертілуі мүмкін, бірақ бағдарламаға бөлінген оқу уақытының жалпы көлемі сақталады.

**1 модуль. Баян-аккордеон орындаушылық өнеріндегі, шығарманың стилін, формасын және мазмұнын түсінудегі практикалық дағдылардағы заманауи тенденциялар.**

Бірінші модуль педагогикалық қызметтің ерекшеліктерін ашып, оқытушының шеберлігін арттырады, шығармалардың түрлі стильдері, формалары және мазмұны туралы түсінік береді. Тыңдаушыларға бастапқы білім беру бағдарламасының тұтас көрінісін қалыптастыруға көмектесіп, нормативтік құжаттарға негізделеді.

**2 модуль. Баян-аккордеон орындаушылық өнерінің түрлері мен формаларының жалпы жүйеленуі**

Екінші модуль музыканттың шығармашылық дамуының маңызды құрамдас бөліктерін ашады. Баян-аккордеон орындаушылығының түрлерімен және формаларымен жұмыс жасаудың барлық аспектілерін қамтиды. Модуль тыңдаушыларды оқушылардың импровизациясы және музыка жазуымен таныстырады.

**3 модуль. Стильдік айырмашылықтар музыка орындауда барокко дәуірінен қазіргі уақытқа дейін: жанрлардың негізгі түрлерін аналитикалық сипаттау, түрлі стильдер мен дәуірлердің шағын және ірі формалары бойынша шығармалармен жұмыс, көркем образбен жұмыс.**

Үшінші модуль барокко дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі музыкалық орындаудағы стильдік айырмашылықтардың маңыздылығын атап өтеді. Бастауыш, орта және жоғары сыныптарда шағын және ірі формалармен жұмыс істеудің түрлі түрлерін ұсынады. Шығармалардағы көркем образбен жұмыс жасауда шығармашылық қиялды дамыту мәселелері қарастырылады.

**4 модуль. Белгілі бір стильде қолданылатын бейнелеу құралдар тұрғысынан фортепианода ойнаудың стильдік ерекшелігін талдау; динамика, безендіру, артикуляция, жылдамдық, ырғақ, дыбыс, форма ерекшеліктері мәселелері.**

Төртінші модуль музыкалық орындаудың стильдік ерекшеліктерін талдауға назар аударады, музыкалық шығармамен жұмыстың негізгі кезеңдерін ажыратуға мүмкіндік береді, шығармаларды әдістемелік және орындаушылық тұрғыдан талдауды түсінуге көмектеседі. Бұл модуль орындаушы аппаратының еркіндігі мәселесінде түрлі тәсілдерді табуға ықпал етеді.

**5 модуль. Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуарды таңдаудың кейбір мәселелері.**

Бесінші модуль редакторлық процесс ерекшеліктерін талдауға және музыкалық редакциялардың варианттық жиынтығының пайда болу себептерін зерттеуге көмектесіп, сондай-ақ музыкалық шығарманы редакциялаудың негізгі принциптерін қарастырады. Бұл модуль музыкалық редакцияның орындаушылық

өнердегі рөлін теориялық және практикалық тұрғыдан қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ музыкалық шығарманың мәтіндер жүйесіндегі редакцияның ерекшеліктерін, редактор мен музыкант-орындаушының қызметі контекстінде айқындайды.

Осылайша, Бағдарламаның оқу-тематикалық жоспары барлық деңгейдегі мұғалімдер үшін біліктілікті арттыру мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қатаң құрастырылып, ол жоғары және орта кәсіби білім беру ұйымдарының профильдері бойынша оқытушылардың кешенді кәсіби дамуын және оқушылардың білім алу нәтижелерін жақсартуды қамтамасыз етеді.

Білім беру процесі Бағдарлама жоспарына сәйкес 3 және 4 кестелерде көрсетілгендей ұйымдастырылады.

**Бағдарлама жоспары (80 сағат– оффлайн оқыту)**

3 кесте

| № | Сабақтардың тематикасы | Күндізгі оқыту, 80 сағат | | | | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Теориялық сағат | Практикалық сабақ | Жұмысты қорғау | Тестілеу | |
| Диагностикалық тестілеу | | | | | 1 | **1** |
| **1 модуль. Баян-аккордеон орындаушылық өнеріндегі, шығарманың стилін, формасын және мазмұнын түсінудегі практикалық дағдылардағы заманауи тенденциялар.** | | **3** | **1** | | | **4** |
| 1.1 | Музыканттың педагогикалық қызметінің ерекшеліктері | 1 | 1 | | | 2 |
| 1.2 | Педагогикалық шеберліктің деңгейін арттыру | 1 | | | | 1 |
| 1.3 | Шығарма стилінің, формасының және мазмұнының ерекшеліктері | 1 | | | | **1** |
| **2 модуль. Баян-аккордеон орындаушылық өнерінің түрлері мен формаларының жалпы жүйеленуі.** | | **7** | **9** | | | **16** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.1 | Музыкалық есте сақтау — музыканттың шығармашылық дамуының маңызды құрамдас бөлігі. | 5 | 5 | | | **10** |
| 2.2 | Техникамен жұмыс жасау. Этюдтермен, гаммаларды және жаттығулармен жұмыс барысында техникалық қиындықтарды жеңу. | 1 | 2 | | | **3** |
| 2.3 | Білім алушылардың импровизациясы мен музыка жазуы. | 1 | 2 | | | **3** |
| **3 модуль. Стильдік айырмашылықтар музыка орындауда барокко дәуірінен қазіргі уақытқа дейін: жанрлардың негізгі түрлерін аналитикалық сипаттау, түрлі стильдер мен дәуірлердің шағын және ірі формалары бойынша шығармалармен жұмыс, көркем образбен жұмыс.** | | **10** | **20** | | | **30** |
| 3.1 | Полифоникалық шығармалармен жұмыс. | 2 | 4 | | | 6 |
| 3.2 | Шығармалардың көркем бейнесімен жұмыс жасау кезеңдерінің бірі ретінде шығармашылық қиялды дамыту | 4 | 5 | | | 9 |
| 3.3 | Мектептің бастауыш және орта сыныптарында шағын формадағы шығармалармен жұмыс. | 1 | 4 | | | 5 |
| 3.4 | Жоғары сынып оқушыларының репертуарындағы ірі форма (Сонаталық Allegro, вариациялық циклдар, рондо формасы, заманауи композиторлардың циклдық шығармалары). | 1 | 3 | | | 4 |
| 3.5 | Негізгі аппликатурлық дағдыларды тәрбиелеу. Әртүрлі стильдердегі музыкалық шығармалардағы аппликатурлық принциптердің көркемдік маңызы. | 2 | 4 | | | 6 |
| **4 модуль. Белгілі бір стильде қолданылатын бейнелеу құралдар тұрғысынан фортепианода ойнаудың стильдік ерекшелігін талдау; динамика, безендіру,** | | **9** | **13** | | | **22** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **артикуляция, жылдамдық, ырғақ, дыбыс, форма ерекшеліктері мәселелері.** | | | | | | |
| 4.1 | Музыкалық шығармамен жұмыстың негізгі кезеңдері, оны кезеңдерге шартты түрде бөлу. | 2 | 3 | | | 5 |
| 4.2 | Шығарманың орындаушылық және әдістемелік талдауы. | 2 | 3 | | | 5 |
| 4.3 | Көрікті меңгеру, оның көркемдік мүмкіндіктері. Оқушыларда көрік қозғалыс бағытын дұрыс ауыстыру дағдыларын тәрбиелеу. | 3 | 4 | | | 7 |
| 4.4 | Білім алушыларда қозғалыс-техникалық дағдыларды қалыптастыру және дамыту. Орындаушы аппараттың еркіндігі мәселесі. | 2 | 3 | | | 5 |
| **5 модуль. Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуарды таңдаудың кейбір мәселелері.** | | **2** | **2** | **2** | | **6** |
| 5.1 | Теориялық аспектілер және шығармаларды салыстырмалы талдау. | 1 | 1 | | | |
| 5.2 | Музыкалық шығарманың редакциясы – авторлық мәтіннің ерекше түрдегі түсіндірмесі (интерпретациясы). | | 1 | | | |
| 5.3 | Мектеп оқушылары мен концерттік іс-шараларға арналған репертуар таңдау принциптері. Оқу-педагогикалық және концерттік репертуардың айырмашылығы. | 1 | | | | |
| Қорытынды тестілеу | | | | | 1 | **1** |
| Барлығы | | **31** | **45** | **2** | **2** | **80** |

**Бағдарлама жоспары (80 сағат – онлайн оқыту)**

4 кесте

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Күндізгі оқыту, 80 сағат | Ба рл |

| № | Сабақтардың тематикасы | Теориялық сағат | Практикалық сабақ | Теориялық сағат | Практикалық сабақ | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Диагностикалық тестілеу | | | | | 1 | **1** |
| **1 модуль. Баян-аккордеон орындаушылық өнеріндегі, шығарманың стилін, формасын және мазмұнын түсінудегі практикалық дағдылардағы заманауи тенденциялар.** | | **3** | **1** | | | **4** |
| 1.1 | Музыканттың педагогикалық қызметінің ерекшеліктері | 1 | 1 | | | 2 |
| 1.2 | Педагогикалық шеберліктің деңгейін арттыру | 1 | | | | 1 |
| 1.3 | Шығарма стилінің, формасының және мазмұнының ерекшеліктері | 1 | | | | **1** |
| **2 модуль. Баян-аккордеон орындаушылық өнерінің түрлері мен формаларының жалпы жүйеленуі.** | | **9** | **7** | | | **16** |
| 2.1 | Музыкалық есте сақтау — музыканттың шығармашылық дамуының маңызды құрамдас бөлігі. | 5 | 5 | | | **10** |
| 2.2 | Техникамен жұмыс жасау. Этюдтермен, гаммаларды және жаттығулармен жұмыс барысында техникалық қиындықтарды жеңу. | 1 | 1 | | | **2** |
| 2.3 | Білім алушылардың импровизациясы мен музыка жазуы. | 3 | 1 | | | **4** |
| **3 модуль. Стильдік айырмашылықтар музыка орындауда барокко дәуірінен қазіргі уақытқа дейін: жанрлардың негізгі түрлерін аналитикалық сипаттау, түрлі стильдер мен дәуірлердің шағын және ірі** | | **17** | **13** | | | **30** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **формалары бойынша шығармалармен жұмыс, көркем образбен жұмыс.** | | | | | | |
| 3.1 | Полифоникалық шығармалармен жұмыс. | 2 | 2 | | | 4 |
| 3.2 | Шығармалардың көркем бейнесімен жұмыс жасау кезеңдерінің бірі ретінде шығармашылық қиялды дамыту | 6 | 3 | | | 9 |
| 3.3 | Мектептің бастауыш және орта сыныптарында шағын формадағы шығармалармен жұмыс. | 2 | 2 | | | 4 |
| 3.4 | Жоғары сынып оқушыларының репертуарындағы ірі форма (Сонаталық Allegro, вариациялық циклдар, рондо формасы, заманауи композиторлардың циклдық шығармалары). | 3 | 3 | | | 6 |
| 3.5 | Негізгі аппликатурлық дағдыларды тәрбиелеу. Әртүрлі стильдердегі музыкалық шығармалардағы аппликатурлық принциптердің көркемдік маңызы. | 4 | 3 | | | 7 |
| **4 модуль. Белгілі бір стильде қолданылатын бейнелеу құралдар тұрғысынан фортепианода ойнаудың стильдік ерекшелігін талдау; динамика, безендіру, артикуляция, жылдамдық, ырғақ, дыбыс, форма ерекшеліктері мәселелері.** | | **14** | **8** | | | **22** |
| 4.1 | Музыкалық шығармамен жұмыстың негізгі кезеңдері, оны кезеңдерге шартты түрде бөлу. | 3 | 2 | | | 5 |
| 4.2 | Шығарманың орындаушылық және әдістемелік талдауы. | 4 | 2 | | | 6 |
| 4.3 | Көрікті меңгеру, оның көркемдік мүмкіндіктері. Оқушыларда көрік қозғалыс бағытын дұрыс ауыстыру дағдыларын тәрбиелеу. | 4 | 2 | | | 6 |
| 4.4 | Білім алушыларда қозғалыс-техникалық дағдыларды қалыптастыру және дамыту. | 3 | 2 | | | 5 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Орындаушы аппараттың еркіндігі мәселесі. | | | | | |
| **5 модуль. Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуарды таңдаудың кейбір мәселелері.** | | **2** | **2** | **2** | | **6** |
| 5.1 | Теориялық аспектілер және шығармаларды салыстырмалы талдау. | 1 | 1 | | | |
| 5.2 | Музыкалық шығарманың редакциясы – авторлық мәтіннің ерекше түрдегі түсіндірмесі (интерпретациясы). | | 1 | | | |
| 5.3 | Мектеп оқушылары мен концерттік іс-шараларға арналған репертуар таңдау принциптері. Оқу-педагогикалық және концерттік репертуардың айырмашылығы. | 1 | | | | |
| Қорытынды тестілеу | | | | | 1 | **1** |
| Барлығы | | **45** | **31** | **2** | **2** | **80** |

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

Құрманғазы атындағы ҚҰК біліктілікті арттыру тыңдаушылары үшін оқу процесін ұйымдастыру жүйелі көзқарасты қарастырады, ол дәстүрлі оқу формаларын және заманауи жұмыс әдістерін біріктіреді. Консерватория музыканттардың білім беру, шығармашылық және зерттеу қызметі үшін үлкен мүмкіндіктерге ие, бұл тыңдаушыларға кәсіби дағдыларын кеңейтуге және тереңдетуге, сондай-ақ баян мен аккордеонда орындаушылықта біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу процесінің басты құрамдас бөліктерінің бірі — дәрістер мен семинарлар. Дәрістерді консерваторияның жетекші оқытушылары мен шақырылған сарапшылар оқиды.

Оқу процесін ұйымдастыруда маңызды екпін практикалық сабақтарға жасалады, мұнда тыңдаушылар консерваторияның тәжірибелі орындаушылары мен педагогтарының жұмысын бақылап, белгілі бір жағдайларда концерттік бағдарламаға немесе мастер-класқа қатысып, орындаушы ретінде тәжірибе жинақтай алады.

Тыңдаушылардың өздік жұмыстарына көмек көрсетуді консерваторияның көрнекті спектакльдердің аудио және бейнежазбалары, мұрағат материалдары мен оқу бейнематериалдары бар медиатекасы қамтамасыз етеді. Курстар тыңдаушылары музыкалық шығармалардың түрлі интерпретацияларына қол

жеткізе алады, орындаушылық техникамен танысып, қазіргі заманғы оқу бағдарламалары мен қосымшаларды, мысалы, ноталық редакторлар немесе есту мен ритмді дамытуға арналған тренажерлерді пайдалана отырып, орындаушылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады.

Консерваторияның кітапханасы білім беру процесіне енгізілген және тыңдаушыларға ноталық әдебиетке, оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстар базасына қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады. Тыңдаушыларға әртүрлі дәуірлердің музыкалық шығармаларының сирек басылымдарымен танысу мүмкіндігі беріледі.

Процесті ұйымдастырудың ерекше әдісі — тәжірибе алмасу, ол консерватория оқытушысымен жеке кеңес беру кезінде жүзеге асырылады, мұнда тыңдаушылар оқыту және концерттік бағдарламаларды дайындау бойынша құнды кеңестер алады. Топтық талқылаулар оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстарды талқылауға қатысу арқылы жүзеге асады, бұл консерватория кафедраларының отырыстарында, сондай-ақ дөңгелек үстелдер барысында орын алады.

Консерватория тыңдаушыларға университеттің белсенді музыкалық өміріне қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, үш концерттік залда күн сайын өтетін классикалық және есептік концерттерге, соның ішінде шақырылған музыканттар қатысатын концерттерге қатысу мүмкіндігі беріледі.

Құрманғазы атындағы ҚҰК біліктілікті арттыру курсын өту барысында оқыту заманауи оқу аудиторияларында жүргізіледі, олар жоғары сапалы музыкалық аспаптармен жабдықталған (Steinway&Sons, Fazioli, Yamaha, Bluthner және басқалар). Тыңдаушылардың құзырында курс барысында аспапты жалға алуға болатын музыкалық аспаптар қоймасы бар.

Сонымен қатар, консерватория ғылыми-педагогикалық конференциялар мен көрмелер ұйымдастырады. Тыңдаушылар қазіргі кәсіби баян мен аккордеонды оқыту мәселелері бойынша консерваторияның кез келген оқытушысымен кеңес алуға, сондай-ақ өз қалауы бойынша профессорлық-оқытушылық құрамның сабақтарына қатысуға мүмкіндік алады.

Осылайша, Құрманғазы атындағы ҚҰК оқу процесін ұйымдастыру тыңдаушылардың кәсіби өсуі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ете отырып, олардың педагогикалық шеберлігін және орындаушылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Квалификациялық арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

1) Жоспар бойынша 80 академиялық сағаттық күндізгі оқу;
2) Жоспар бойынша 80 академиялық сағаттық онлайн оқыту.

Офлайн режиміндегі білім беру процесі келесі оқыту және бағалау түрлерін қамтиды:

- теориялық;
- практикалық;
- тестілеу;

Онлайн оқыту режимі келесі оқыту және бағалау түрлері мен әдістерін қамтиды:

- теориялық;
- практикалық;
- тестілеу;

Офлайн оқыту режиміндегі білім беру процесі әртүрлі оқыту формаларына негізделеді, олардың ішінде дәріс сабақтарына қатысу, шеберлік сыныптары, ғылыми конференцияларға қатысу (егер олар БА өту кезеңінде өткізілсе), ашық сабақтар, концерттер, вебинарлар, интерактивті лекциялар, топтық талқылаулар, практикалық тапсырмалар, рөлдік ойындар және жағдайлар талдауы бар. Білім беру процесінде маңызды орын проблемалық оқыту және зерттеу қызметі әдістеріне беріледі, олар тыңдаушыларда сын тұрғысынан ойлау және мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, заманауи білім беру технологияларын қолдану көзделеді, соның ішінде мультимедиялық презентациялар мен интерактивті өзара әрекеттесу үшін цифрлық платформалар.

Онлайн оқыту режимінің ерекшелігі оқу процесін қолдау мен өзара әрекеттесу үшін цифрлық платформалар мен құралдарды пайдалану болып табылады. Бұл виртуалды сыныптар, бейнеконференциялар, онлайн-дискуссиялық форумдар, интерактивті оқу материалдары мен тесттерді қамтиды. Онлайн оқыту оқу процесін әрбір тыңдаушының жеке қажеттіліктеріне икемді бейімдеуге мүмкіндік береді, оқу материалдарына кез келген уақытта және кез келген жерден қол жеткізуге жағдай жасайды, бұл оқу мотивациясы мен белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Консерваторияның біліктілікті арттыру бағдарламасының оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы – жеке сабақтар. Оқу әдісін таңдау тыңдаушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне, музыкалық даму деңгейіне және өмірлік психологиялық тәжірибесіне байланысты. Біліктілікті арттыру курстарында әртүрлі сабақ түрлері қолданылады: практикалық – жеке, топтық, теориялық, аралас формалар. Бағдарлама аясында оқыту стратегиясы әртүрлі деңгейдегі төрт-бес педагогтан тұратын шағын топтарда ұйымдастырылады.

Оқыту және білім беру әдістерінің сипаты тыңдаушыларды белсенді түрде оқыту процесіне және шешім қабылдауға тартатын икемді, инновациялық және тыңдаушыға бағытталған білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Тыңдаушыларға оқу материалын алдын ала зерттеу үшін қосымша материалдар беріледі, сондай-ақ білім беру бағдарламасының кейбір бөлімдерін өз бетімен меңгеру немесе кез келген оқу кезеңін бекіту мүмкіндігі беріледі.

Курстың басынан бастап тыңдаушыларға онлайн - қауымдастыққа тіркелу ұсынылады, яғни оқытушылар мен педагогтар үшін онлайн қауымдастықтар құрылып, онда олар тәжірибе алмасып, сұрақтар қойып, материалдармен бөлісіп, оқудан тыс өзара әрекеттесуді қолдай алады.

## 7. Бағдарламаны оқу-әдістемемен қамтамасыз ету

Бағдарламаның оқу-әдістемемен қамтамасыз етілуі курстың оқу-әдістемелік материалдарынан тұрады, олар мыналарды қамтиды:

- оқу-білім беру бағдарламасы және оқу күнтізбесі;
- оқуды өту үшін;

тыңдаушының іс-тәжірибесі, ол бағдарламаның мазмұны мен маңызды дереккөздер тізімімен толықтырылатын құрылымдалған материалдардың жинағы немесе ақпараттық кітапхана болып табылады;

- тыңдаушының күнделігі, оны курстық оқу кезінде қолдану үшін;
- бағалау құжаты – тыңдаушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау көрсеткіштері, тесттер, практикалық тапсырмалар және курстың соңында бақылау және қорытынды тексерулерді жүргізуге арналған іс-тәжірибелер;
- электронды онлайн-құралдар - интерактивті база, қосымшалар мен веб-сайттар, оқу-білім беру құжатын меңгеруге арналған қосымша материалдар, тапсырмалар, тесттер, форумдар, конференциялар және басқа да құралдар тыңдаушылардың оқу және өз бетімен жұмыс жасауына қолдау көрсету үшін.

Оқытылатын модульдердің негізгі мазмұны және өзін-өзі бағалау деңгейлерің көрсететін нәтижелер 5-кестеде көрсетілген.

5 кесте

| **Модуль** | **Оқу материалын игеру бойынша тапсырмаларды қамтитын негізгі мазмұны** | **Өзіне баға беру деңгейлерің көрсететін қортындылар** |
|---|---|---|
| **1 модуль. Баян-аккордеон орындаушылық өнеріндегі, шығарманың стилін, формасын және мазмұнын түсінудегі практикалық дағдылардағы заманауи тенденциялар.** | 1.1 Музыканттың педагогикалық қызметінің ерекшеліктері | Музыканттың педагогикалық қызметінің ерекшеліктерін тереңірек түсіну |
| | 1.2 Педагогикалық шеберліктің деңгейін арттыру | Оқытушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіру бойынша жұмыс |

| | | |
|---|---|---|
| | 1.3 Шығарма стилінің, формасының және мазмұнының ерекшеліктері | Шығармашылық белсенділікті қалыптастыру, музыкалық шығармалардың стильдік, жанрлық ерекшеліктері мен эмоционалдық мазмұнын түсіне білу қабілеті |
| **2 модуль. Баян-аккордеон орындаушылық өнерінің түрлері мен формаларының жалпы жүйеленуі**. | 2.1 Музыкалық есте сақтау — музыканттың шығармашылық дамуының маңызды құрамдас бөлігі. | Музыкалық есте сақтау, оның түрлері мен функциялары. Шығарма жаттау тәсілдері. Музыкалық есте сақтау |
| | 2.2 Техникамен жұмыс жасау. Этюдтермен, гаммаларды және жаттығулармен жұмыс барысында техникалық қиындықтарды жеңу. | Техникамен жұмыс істеу әдістері, қолайлы жаттығуларды егжей-тегжейлі жүйелеу. Ойнаудың техникалық компоненттерін кәсіби түрде бөліп көрсету, жалпы процесті кәсіби тұрғыда қамту қабілеті. |
| | 2.3 Білім алушылардың импровизация мен музыка жазуы. | Импровизация мен музыка шығармаларын құрастыру бойынша оқу-шығармашылық дағдыларын табысты қалыптастыру. Импровизация мен композицияны музыканың тілінде көркем мәтіндер жасау үдерісінің екі жағы ретінде түсіну. |

| | | |
|---|---|---|
| **3 модуль.<br>Стильдік айырмашылықтар музыка орындауда барокко дәуірінен қазіргі уақытқа дейін: жанрлардың негізгі түрлерін аналитикалық сипаттау, түрлі стильдер мен дәуірлердің шағын және ірі формалары бойынша шығармалармен жұмыс, көркем образбен жұмыс.** | 3.1 Полифониялық шығармалармен жұмыс. | Полифониялық ой қорту, полифониялық есту қабілетін тәрбиелеу. Бір уақытта дамып жатқан дыбыстық желілерді үйлестіре отырып, аспапта оларды дифференциациялықпен қабылдай білу және орындау қабілеті. |
| | 3.2 Шығармалардың көркем бейнесімен жұмыс жасау кезеңдерінің бірі ретінде шығармашылық қиялды дамыту | Музыкалық бейнелерді жасақтауға және оқушылардың орындаушылық стилін қалыптастыруға бағытталған образды-өнертанымдық ойлауды дамыту, аспапта ойнау процесі. |
| | 3.3 Мектептің бастауыш және орта сыныптарында шағын формадағы шығармалармен жұмыс. | Музыкалық форманы зерттеу мәселелері, кіші және жоғары сыныптардағы орындаушылық және өнертанымдық тапсырмаларды талдау. Кіші формадағы шығармалармен жұмыс істеудегі ерекшеліктер мен принциптер. |
| | 3.4 Жоғары сынып оқушыларының репертуарындағы ірі форма (Сонаталық Allegro, вариациялық циклдар, рондо формасы, заманауи | Кіші және орта сыныптарда ірі форма бойынша жұмыс істеу мәселелерін қарастыру және зерттеу. Кіші және орта сыныптарда ірі форма бойынша жұмыс |

| | | |
|---|---|---|
| | композиторлардың циклдық шығармалары). | істеудің әдістері мен тәсілдері. |
| | 3.5 Негізгі аппликатуралық дағдыларды тәрбиелеу. Әртүрлі стильдердегі музыкалық шығармалардағы аппликатуралық принциптердің көркемдік маңызы. | Аппликатуралық ойлауды практикада дамыту. Негізгі аппликатуралық принциптерді түсіну. |
| **4 Модуль.**<br>**Белгілі бір стильде қолданылатын бейнелеу құралдар тұрғысынан фортепианода ойнаудың стильдік ерекшелігін талдау; динамика, безендіру, артикуляция, жылдамдық, ырғақ, дыбыс, форма ерекшеліктері мәселелері.** | 4.1 Музыкалық шығармамен жұмыстың негізгі кезеңдері, оны кезеңдерге шартты түрде бөлу. | Музыкалық шығармамен жұмыс істеудің кезеңдері: шығармамен танысу және оны талдау, бөлшектермен жұмыс жасау, шығарманың барлық бөлімдерін біртұтас шығармашылыққа біріктіру және пьесаны сахналық орындауға дайындау. |
| | 4.2 Шығарманың орындаушылық және әдістемелік талдауы. | Өнерлік және әдістемелік талдау бойынша әртүрлі кеңестер мен ұсыныстарды қолдану. |
| | 4.3 Көрікті басқару, оның көркемдік мүмкіндіктері. Оқушыларда көрік қозғалыс бағытын дұрыс ауыстыру дағдыларын тәрбиелеу. | Көрік құрылымын тану, көрікпен ойнаудың көркемдік мүмкіндіктері, сондай-ақ көрік штрихтарының түрлерін жүйелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | 4.4 Білім алушыларда қозғалыс-техникалық дағдыларды қалыптастыру және дамыту. Орындаушылық аппараттың еркіндігі мәселесі. | Қозғалыс-техникалық дағдыларды дамыту әдістері мен тәсілдері. Әр түрлі баян-аккордеон мектептерінің базалық қағидалары. |
| **5 Модуль. Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуарды таңдаудың кейбір мәселелері.** | 5.1 Теориялық аспектілер және шығармаларды салыстырмалы талдау. | Негізгі теориялық аспектілерді жүргізу, сондай-ақ музыкалық шығармаларды салыстырмалы талдау. |
| | 5.2 Музыкалық шығарманың редакциясы — авторлық мәтіннің ерекше түрдегі түсіндірмесі (интерпретациясы). | Редакторлық түсіндіру ерекшеліктерін тереңірек түсіну. Музыкалық редакциялаудың тарихи кезеңдері. |
| | 5.3 Мектеп оқушылары мен концерттік іс-шараларға арналған репертуар таңдау принциптері. Оқу-педагогикалық және концерттік репертуардың айырмашылығы. | Репертуарды таңдау мәселесіне қатысудың маңыздылығын түсіну. Музыкалық редакциялауға арналған әдебиетті зерттеу және талдау. |
| | 3.4. Жобаларды қорғау | Қазіргі баяно-аккордеондық әдістеме мен педагогикасының негізгі тенденцияларына арналған зерттелген сын ескертпелерді, дағдыларды көрсету |

## 8. Оқыту нәтижелеріне баға беру

Тыңдаушыларды бағалау оқу барысында (ағымдағы бағалау) және курс аяқталғаннан кейін (қорытынды бағалау) критериялық әдістер негізінде жүзеге асырылады:

- формативті бағалау (БА курстарында қатысу, барлық модульдер бойынша теориялық және тәжірибелік жұмыстарды бағалау)
- қортынды бағалау (тестілеу, жалпы балл).

Курс модульдерін меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар қорытынды тестілеуден өтеді. Бағаланатын тәжірибелік жұмыстар:

- аспаптық музыкадан екі шығарманың орындалу видеожазбасы;
- таңдалған білім беру бағдарламасы туралы эссе;
- авторлық курс тақырыбы бойынша әдістемелік баяндамалар немесе ашық сабақтар.

Тыңдаушылар авторлық курс бойынша тапсырмаларды жеке орындайды. Тапсырмаларды орындау барысында тыңдаушыға оқытушы тарапынан топтық немесе жеке кеңес ретінде көмек көрсетіледі. Тапсырмалар кесте бойынша тапсырылады, жетілдіру жолдарын көрсету арқылы толық кері байланыс беріледі.

Қорытынды жұмысты бағалау үшін (таңдау бойынша) келесі сын ескертпе бағалар белгіленген:
0 балл – іске асырылмаған;
50-74 балл – ішінара іске асырылған;
74-100 балл – толық іске асырылған.
Қорытынды жұмысты орындау бойынша ең жоғары балл саны – 100 балл, мұнда:
1) «Өте жақсы»: 85-100%;
2) «Жақсы»: 75-84%;
3) «Қанағаттанарлық»: 50-74%.

Қорытынды баға барлық сабақтарға қатысу, сабақтар барысында белсенділік, қорытынды тестілеу нәтижелерін ескере отырып құралады. Оқу жетістіктерін бағалаудың критерийлері арасындағы бөлініс: 10% қатысу үшін, 40% белсенділік үшін, 50% қорытынды тестілеу үшін.

Қорытынды тестілеуге қатысу үшін тыңдаушылар курсқа қатысу кестесіне сәйкес барлық сабақтардың кемінде 80%-ына қатысып, қорытынды тестілеуді тапсырған болуы тиіс.

Тыңдаушылардың белсенділігін және практикалық жұмыстарын бағалау күнделікті жүзеге асырылады. Әр позиция бойынша ең жоғары баға 20 баллды құрайды. Осылайша, формативті бағалаудың жалпы саны 40 баллды құрайды.

Толық бағалау балы қорытынды тестілеу нәтижелері негізінде анықталады.

Қорытынды орташа баға 50 балл және одан жоғары алған тыңдаушыға сертификат беріледі.

## 9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі педагогтың қызметін қолдау – бұл курстардан кейінгі қызметтің мониторингін жүргізу және курстан кейінгі кезеңде кеңес беру мен әдістемелік көмек көрсету арқылы педагогтың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруді жүзеге асыратын іс-шаралардың механизмін қамтитын нақты құрылымдалған алгоритм. Осы алгоритмнің нәтижесінде педагогтың біліктілік дағдыларының түсінігі, теорияны практикада қолдану, жеке даму және кәсіби жетістіктері жетілдіріледі.

Курстан кейінгі педагогты қолдаудың **мақсаты** – бұл педагогтың кәсіби қызметін курстан кейінгі кезеңде тиімді жақсарту, кәсіби құзыреттілікті дамыту бағытында әдістемелік көмек көрсету.

Курстан кейінгі педагогты қолдаудың **міндеттері:**

1. Курстық және курстан кейінгі кезеңдерде біліктілікті арттыруды қолдау;
2. Педагогқа теориялық білімдерін практикада қолдануға көмек көрсету;
3. Болашақ кәсіби өсу үшін жеке білім беру траекторияларын жоспарлау.

Педагогтың курстан кейінгі іс-әрекетін қолдаудың **жүзеге асырылу түрлері**:

1. Тыңдаушыларға педагогикалық және диагностикалық қызметінде әдістемелік және сараптамалық көмек көрсету;
2. Педагогикалық және зерттеу қызметінің қорытынды жұмыстарын іске асыру және дайындауда сараптамалық көмек көрсету;
3. Тәжірибе алмасу іс-шараларын (семинарлар, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар, конференциялар және басқа да білім беру іс-шаралары) ұйымдастыруға көмек көрсету.

Курстан кейінгі қолдау бірнеше кезеңнен тұрады:

**Бірінші кезең.** Курс тыңдаушылары мен жетекшісі курстан кейінгі кезеңде педагогтың дамуы үшін қажетті құзыреттерді анықтап, күтілетін нәтижелерді белгілейді.

**Екінші кезең.** Курс тыңдаушылары өздерінің кәсіби құзыреттерін курстан кейінгі тәжірибеде дамыту үшін жеке даму траекториясының жоспарын құрады. Курс жетекшісі тыңдаушылардың өтініштері бойынша кездесулер ұйымдастырады және бар қиындықтар бойынша кеңес береді.

**Үшінші кезең.** Тыңдаушы жеке жоспарында көрсетілген шараларды жүзеге асырады. Жетекші педагогты курстан кейінгі кезеңде жеке консультациялар ұйымдастыру, жоспарланған шараларды ұйымдастыру мен орындауға көмек көрсету, педагогтың жеке жоспарын орындау нәтижелерін анықтау және конструктивті кері байланыс жүргізу арқылы қолдайды.

**Төртінші кезең.** Курстан кейінгі қолдау нәтижелері бойынша тыңдаушы мақалалар әзірлеп, жариялайды, әдістемелік баяндамалар мен басқа да жұмыстар жазады. Бұл материалдар тәжірибе алмасу және орындаушылық өнер саласындағы кәсіби құзыреттер деңгейін арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар үшін қызмет етеді. Мұндай тәсіл білім мен дағдыларды тереңдетуге, сондай-ақ осы салада үздіксіз даму үшін ынталы мамандар қауымдастығын құруға ықпал етеді.

Курсты аяқтап, алған білімдерін, дағдыларын тәжірибеде табысты қолданатын педагогтар тәжірибе алмасу шараларына қатысуға тартылады, мұнда олардың жетістіктері мен кәсіби тәжірибесі қоғамдық түрде танылып, бағаланады.

Ұсынылған курстан кейінгі қолдауды жүзеге асырудың түрлері 6-кестеде көрсетілген.

6 кесте

| № | **Атауы** | **Қорытындылау формасы** |
|---|---|---|
| 1 | Біліктілікті арттыру курстарында жоспарланған сабақ/дәріс өткізу | Ашық сабақ |
| 2 | Құрманғазы атындағы ҚҰК кафедра профессорлары мен шақырылған музыканттар тарапынан түрлі мамандықтар бойынша шеберлік сыныптарын өткізу. | Шеберлік сыныптары |
| 3 | Өткізу конференциялар, семинарлар тәжірибе алмасу бойынша білім беру ұйымында/қалада/облыста «Баян-аккордеон педагогикасындағы қазіргі негізгі тенденцияларды жүзеге асыру» | Жоспар мен іс-шараның хаттамасы<br>Іс-шарада қабылданған ұсынымда |
| 4 | Орындаушылық өнер саласындағы негізгі тенденцияларды алға жылжыту мақсатында тәжірибе алмасу | Бұқаралақы ақпарат құралдарында жариялау |
| 5 | Өзінің шығармашылығындағы музыкалық шығармаларды жазу, халық музыкасының баянға арналған өңдеулері | Пьесалар жинағы |
| 6 | Таңдалған тақырыпта эссе жазу | Эссе |
| 7 | Оқытылған педагогтардың практикасына заманауи әдістерді енгізу нәтижелері бойынша дөңгелек үстел өткізу (оқыту | Іс шара жоспары және есебі |

| | | |
|---|---|---|
| | аяқталғаннан кейін 1 күнтізбелік жыл өткен соң). | |
| 8 | Авторлық курс тақырыбы бойынша әдістемелік баяндама жазу | Баяндама, хабарламалар |
| 9 | Оқытылған педагогтардың тәжірибесіне енгізілген баян-аккордеон педагогикасын оқытудағы заманауи әдістердің нәтижелері бойынша дөңгелек үстел өткізу (оқыту аяқталғаннан кейін 1 күнтізбелік жыл өткен соң). | Жоспар және дөңгелек үстелдің хаттамасы |

## Курстан кейінгі мониторинг

Курстан кейінгі мониторинг - бұл педагогтардың посткурстық қызметін бақылау, диагностикалау және бағалау процесі.

Курстан кейінгі мониторингтің **мақсаты** – тыңдаушылардың кәсіби қызметінің нақты жағдайын Құрманғазы атындағы ҚҰК біліктілікті арттыру бағдарламаларының күтілетін нәтижелерімен салыстыру, оның ішінде оффлайн оқу форматы да қамтылады. Сондай-ақ, бұл курстан кейінгі қолдаудың диагностикасы мен мониторинг нәтижелері бойынша білім беру бағдарламаларын жаңартуға қатысты шешім қабылдауды қамтиды.

Курстан кейінгі мониторингтің **міндеттері:**

1. Құрманғазы атындағы ҚҰК білім беру бағдарламалары бойынша курстарды аяқтаған тыңдаушылардың курстан кейінгі қызметі туралы нақты және сенімді ақпарат беру;
2. Ақпаратты жинау, жүйелеу және диагностика әдістерін жасау және іске асыру;
3. Құрманғазы атындағы консерваторияның білім беру бағдарламаларын жақсарту және түзету.

Курстан кейінгі мониторингтің нысаны – білікті педагогтың кәсіби қызметі.

Курстан кейінгі мониторингті жүзеге асыру келесі әрекеттерді қамтиды:

1. ақпарат жинау үшін сауалнамалар жасау;
2. педагогтар арасында сауалнамаларды ұйымдастыру;
3. курстан кейінгі қолдау үшін пайдаланылатын деректерді жинау;
4. деректерді өңдеу және сақтау;
5. есеп беру.

Курстан кейінгі мониторингті жүзеге асырудың түрлері: сауалнамалар жүргізу, ақпаратты сұрыптау, статистикалық деректерді өңдеу, ақпаратты зерттеу және диагностика.

Курстан кейінгі мониторинг заманауи инновациялық технологияларды белсенді енгізуді қамтиды.

Курстан кейінгі мониторинг үшін деректерді жинау және өңдеу, Құрманғазы атындағы ҚҰК курстарын аяқтаған педагогтармен курстар басталмай тұрып құрылған WhatsApp топтары арқылы байланыс орнату арқылы жүзеге асырылады.

## Педагогты курстан кейінгі қолдау жоспары мен есебін құру бойынша ұсыныстар

Курстардың тақырыптары:________________________________________________________

Курстан өту күндері:____________________________________________

Курс оқытушыларының аты- жөні_________________________________________

Тыңдаушының аты-жөні___________________________________________________

Жеке жоспарды құру кезінде БАҚ, курстан кейін бір жыл ішінде өткізілетін іс-шаралар көрсетіледі, олардың өткізілу мерзімімен.

Жоспарланған іс-шаралардың мысалдық мазмұны: ашық сабақ (тақырып көрсетілген), мастер-класс, дөңгелек үстел, біліктілікті арттыру курсының тақырыбы бойынша семинар өткізу, БА курсының тақырыбы бойынша вебинар өткізу, біліктілікті арттыру курстары бойынша әдістемелік баяндамалар жазу, концерттер, тәжірибе алмасу, өз музыкалық туындыларын жасау, рефлексиялық есеп және т.б.

## Курстан кейінгі қызмет бойынша есеп формасы

Курстардың тақырыбы:__________________________________________________

Курстан өткен күндері :____________________________________________

Курс оқытушысының аты-жөні_____________________________________________

Тыңдаушының аты-жөні___________________________________________________

| № | Іс-шара | Өткізу күні | Қысқаша сипаттама | Дәлелдейтін ақпараттар (фото, сілтеме және т.б.) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | | | | |
| 3 | | | | |
| 4 | | | | |
| 5 | | | | |

Қолы ________________________ Почта: conservatory.pk@mail.ru

**«Баян, аккордеонда ойнау мен репертуар таңдау бойынша оқытудың заманауи тәсілдері» Бағдарламасы бойынша білім алушының**

## ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА БЕРУ ПАРАҚШАСЫ

Топ лекторы:_____________________
Оқу кезеңі

| Тыңдаушының аты-жөні | Формативті бағалау | | | | | | Қорытынды тестілеу | Қорытынды орта бағасы | Сертификация бойынша кеңестер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сабаққа қатысуы | Модуль 1 (7 сағат) | Модуль 2 (9 сағат) | Модуль 3 (8 сағат) | Модуль 4 (11 сағат) | Модуль 5 (5 сағат) | | | |
| | 10 балл | 7 б. | 9 б. | 9 б. | 11 б. | 5 б. | 50 балл | 100 балл | Ұсынылады/ұсынылмайды |
| | | 40 балл | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | | | |
| 5 | | | | | | | | | |

## 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

| **Автордың аты-жөні** | **оқу-әдістемелік әдебиеттердің атауы** | **Басылымы, шыққан жылы** |
|---|---|---|
| Акимов Ю. | Некоторые проблемы теории исполнительства на баяне.-111с. | М.; Советский композитор, 1980 |
| Алексеев М. | Методика преподавания игры на баяне. Учебное пособие для консерваторий и муз.училищ.–150с. | М.:Госмузиздат, 1967 |
| Басурманов А. | Баянное и аккордеонное искусство: Справочник | М.; 2001 |
| Басурманов А. | Искусство игры на баяне | Абакан, 1979 |
| | Баян и баянисты. Сборник методических материалов. Вып. 1-7 | М.; С-К, 1970-1987 |
| Бардин Ю. | Обучение игре на баяне по пятипальцевой аппликатуре. Начальный курс | М., 1978 |
| Беляков В., Стативкин Г. | Аппликатура готово-выборного баяна.<br>Освоение выборной клавиатуры. –85с. | М.:Сов.ком. 1978 |
| Беньяминов Б. | Гаммы и ежедневные упражнения баянистов | М.; Л., 1964 |
| Благодатов Г. | Русская гармоника. Очерк истории инструмента и его роли в русской народной музыкальной культуре. -181с. | Л.; Музгиз, 1960 |

| | | |
|---|---|---|
| Галактионов В. | Движение меха в работе баяниста | М.,1990 |
| Давыдов.Н. | Методика переложения инструментальных произведений для баяна. –171с. | М.:Музыка, 1982 |
| Ескин М. | Очерки по методике обучения игре на баяне: Учебно-методическое пособие для ДМШ, муз. училищ и вузов | Краснодар, 1995 |
| Завьялов В. | Баян и вопросы педагогики. Метод. пособие.-56с. | М.: Музыка, 1971 |
| Имханицкий М. | Новое об артикуляции и штрихах на баяне | М., 1997 |
| Липс Ф. | Искусство игры на баяне. –158с. | М.:Музыка , 1985 |

***Қосымша әдебиеттер***

**және электрондық-бағдарламалық құрылдар ( аудио және видео материалдарға сілтеме)**

| **Атауы** | **Электрондық ресурсқа сілтеме** |
|---|---|
| Семинар 1 Ю. Шишкина | https://www.youtube.com/watch?v=yasG-bVaxig |
| А.Н. Романов. Некоторые рекомендации для педагогов ДМШ. Новосибирск | https://www.youtube.com/watch?v=ZlJh15Uluow |
| Рикошет и Тремоло. Как научиться играть на баяне и аккордеоне? Секреты мастерства | https://www.youtube.com/watch?v=EPy-CHGpZa4 |
| Юрий Медяник Music Tips | https://www.youtube.com/watch?v=MSZhuVCoblQ |
| Секреты мастерства. А.Поелуев | https://www.youtube.com/watch?v=xTye9JYVy-8 |

| | |
|---|---|
| Мастер-класс профессора РАМ им. Гнесиных Вячеслава Анатольевича Семёнова | https://www.youtube.com/watch?v=3kFvAr47Ogs |
| Мастер-класс баяниста Виктор Алексеевича Романько | https://www.youtube.com/watch?v=_zS2NeIN7wQ |
| Юрий Шишкин-мастер-класс в Казакстане | https://www.youtube.com/watch?v=r5SpU4-l3js |
| Мастер-класс Народного артиста РФ, профессора,зав. каф. баяна и аккордеона РАМФ.Р. Липса | https://www.youtube.com/watch?v=0PLXcn8ISeI |
| Анатолий Гайсин - Акку (Н. Тлендиев) | https://www.youtube.com/watch?v=yF5m1Q92Wr4 |
| 77 Кубок мира среди аккордеонистов. Кастельфидардо, 2024 | https://youtube.com/@musicforaccordion?si=wk1zMSsdnsD4YVjm |
| A musician's sound represents who he is Yuri Shishkin | https://www.youtube.com/watch?v=sMfOOGWgN3c |
| Концерт Юрия Шишкина | https://www.youtube.com/watch?v=eXuoSfFYwvg |